

Қазақстан Республикасының су саласын дамытудың 2024 – 2028 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 28 тамыздағы № 694 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының су саласын дамытудың 2024 – 2028 жылдарға арналған кешенді жоспары (бұдан әрі – Кешенді жоспар) бекітілсін.

2. Кешенді жоспарды орындауға жауапты орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ мүдделі ұйымдар (келісу бойынша):

1) Кешенді жоспарда көзделген іс-шаралардың уақтылы іске асырылуын қамтамасыз етсін;

2) жылдың қорытындысы бойынша, 20 қаңтардан кешіктірмей, Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрлігіне Кешенді жоспардың орындалу барысы туралы ақпарат беріп тұрсын.

3. Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрлігі жылдың қорытындысы бойынша, 15 ақпаннан кешіктірмей, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына Кешенді жоспардың орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат беріп тұрсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2024 жылғы 28 тамыздағы
№ 694 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының су саласын дамытудың 2024 – 2028 жылдарға арналған кешенді жоспары

Кіріспе

Су ресурстары елдің әлеуметтік, экономикалық және экологиялық аспектілері үшін ерекше маңызы бар орнықты дамудың басты элементтерінің бірі болып табылады.

Қазақстанды сумен қамтамасыз ету проблемасының өткірлігі қолда бар су ресурстарының шектеулі болуына, олардың аумақ бойынша біркелкі бөлінбеуіне, уақыт бойынша айтарлықтай өзгергіштігіне, ластанудың жоғары дәрежесіне байланысты болып отыр.

Су ресурстарының негізгі көлемін орташа жылдық көлемі 106 км^3 жерүсті сулары қамтамасыз етеді, оның 55,7 %-ы республика аумағында, қалған 44,3 %-ы Қытайдан, Өзбекстаннан, Ресейден және Қырғызстаннан келетін трансшекаралық өзендердің ағыны есебінен қалыптасады.

Қазақстанда аса біркелкі таралмаған жерасты суларын пайдалану проблемасы өткір болып тұр. 2023 жылдың деректері бойынша ел аумағында пайдалану қорлары тәулігіне $43120,56$ мың м^3 көлемінде бекітілген 4416 кен орны бар.

Республикада өзен ағыны (трансшекаралық және жергілікті) ресурстары азаюының болжамды мәндері аясында су ресурстарын ұтымсыз және тиімсіз пайдаланудың негізгі проблемалары су пайдаланудың ескірген технологиялары және гидротехникалық құрылысжайлардың, суару каналдары мен коллекторлық-дренаждық желілердің, тік дренаж ұңғымаларының тозуы болып табылады.

Бүгінгі таңда республикада 13366 гидротехникалық құрылысжай бар, оның ішінде республикалық меншікте – 6501, коммуналдық – 6306, жеке меншікте – 528, иесіз қалған – 31.

Құрылысжайлардың көпшілігі 60-70 жылдары салынған және 30 – 50 жылдан астам уақыт бойы реконструкциялаусыз және күрделі жөндеусіз пайдаланылуда, сондықтан олар қауіптілігі жоғары объектілер болып табылады.

Су заңнамасының талаптарына сәйкес гидротехникалық құрылысжайлардың меншік иелері жыл сайын құрылысжайлардың жай-күйін айқындауға мүмкіндік беретін құрылысжайлардың қауіпсіздік декларацияларын әзірлеуді ескере отырып, көпфакторлы зерттеп-қарау жүргізуге міндетті.

2023 жылы құрылысжайларды визуалды зерттеп-қарау нәтижелері бойынша барлық 1502 тежеуіш құрылысжайдың 537-сі жөндеуді қажет ететіні анықталды (*республикалық меншікте – 52, коммуналдық – 429, жеке – 49, иесіз қалған – 7*).

Көптеген құрылысжайлардың іс жүзіндегі тозуы 70 %-дан асады, соның салдарынан оларды пайдалану сенімділігі мен қауіпсіздігі негізгі конструкциялардың жоғары тозуына, қажуына байланысты айтарлықтай төмендеген.

Бұдан басқа, республикада 8577 суару каналы бар, оның ішінде республикалық меншікте – 4259, коммуналдық – 3995, жеке – 296, иесіз қалған – 7. Инфрақұрылымның техникалық жай-күйінің тиісінше болмауына байланысты магистральдық каналдар арқылы тасымалдау кезінде су ысырабы алынған судың 20 %-ын құрады, шаруашылықаралық және шаруашылықішілік каналдардағы ысырап болуды ескере отырып, егістіктердегі ысырап болу 50 %-дан асады.

Бұдан басқа, суармалы егіншілікте суды есепке алу және су үнемдейтін суару технологияларын енгізу деңгейі төмен деңгейде.

Сондай-ақ су ресурстары мен гидрологиялық циклдерге климаттың жаһандық өзгеруінің ықпалы теріс әсер етеді. Климаттың өзгеруі – бұл ең алдымен, су дағдарысы.

Бассейндердегі гидрологиялық циклдің өзгеруі өзендерге су ағынының төмендеуімен өзен су алаптарында ылғалдың булануының жоғарылауына, Арал және Каспий теңіздері, Балқаш көлі деңгейінің төмендеуіне, су ресурстарына шаруашылық сұраныстың өсуіне, оның ішінде ауыл шаруашылығы дақылдарын суару нормаларының ұлғаюына алып келеді.

Қазақстанда климаттың өзгеруіне байланысты тәуекелдерді азайту және су экожүйелерінің экологиялық тепе-теңдігін қолдау үшін жыл сайын су қоймаларынан қажетті экологиялық және санитариялық су жіберу жүргізіледі.

Экологиялық су жіберу (ағын) табиғи экологиялық жағдай мен тіршілік ету ортасын сақтауға, өзен бассейнінде биологиялық алуантүрлілікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Су кодексінің 57-бабының 3-тармағына сәйкес табиғат қорғау су жіберуі су объектісінің табиғи жағдайының сақталуын қамтамасыз етуге тиіс. Ең төменгі шығысты сақтаудан басқа, табиғат қорғау су жіберуі су жайылуы мен су тасуы кезінде су объектілерінің кезеңдік шайылуын қамтамасыз етуге тиіс.

Су пайдаланушыларға судың үздіксіз және қауіпсіз берілуін қамтамасыз етуге, су шаруашылығы инфрақұрылымын авариясыз жай-күйде ұстауға бағытталған жүргізіліп жатқан іс-шараларға қарамастан, шешімін табу кезек күттірмейтін кешенді шаралар қабылдауды талап ететін жаңа міндеттер пайда болуда:

1) ағымдағы жылғы наурызда Қазақстанда қыста жауын-шашынның көп болуы мен қардың кенеттен жылдам еруіне байланысты ауқымды көктемгі су тасқындары басталды. Батыс, солтүстік, орталық және шығыс Қазақстанның бір бөлігіндегі елді мекендерде төтенше жағдай режимі жарияланды, тұрғындар уақытша орналастыру пункттеріне көшірілді.

Су тасқынынан қорғау мәселесін шешу үшін суармалы егіншілікке арналған үйінді бөгендер, тасқын және еріген суларды жинақтауға арналған жинақтауыш тоғандар мен жаңа су қоймаларын салу көзделеді. Сондай-ақ су тасқынына қарсы іс-шаралар мен су экожүйелерін қолдау бөлігінде тазарту, түбін тереңдету, түзулеу, жағалау нығайту және кеңейту арқылы су объектілерінің жай-күйін жақсарту көзделеді;

2) гидротехникалық құрылысжайлардың жай-күйін және қауіпсіздігін бағалау, құрылысжайлардағы аварияға себеп болуы мүмкін жобалық шешімдерден ауытқуларды анықтау мақсатында құрылысжайларға көпфакторлы зерртеп-қарау жүргізу көзделеді.

2024 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша 1502 тежеуіш гидротехникалық құрылысжайдың 118 құрылысжайын зерртеп-қарау жүргізілді, оның ішінде республикалық меншікте – 32, коммуналдық – 79, жеке – 7. Сондай-ақ бірге 115 қауіпсіздік декларациясы тіркелді.

3) су алу көлемі мен өнімсіз ысыраптар деңгейі бойынша статистикалық деректер суды неғұрлым тиімсіз пайдалану суаруда тұрақты байқалатынын көрсетеді.

Ауыл шаруашылығында су өнімділігін арттыру мақсатында ирригациялық жүйелерді реконструкциялау және оларға күрделі жөндеу жүргізу, су үнемдейтін технологияларын, суды есепке алу мен суарудың бөлуді цифрландыру енгізу көзделеді.

Су үнемдеу технологияларын енгізу суды 20 – 30 %-ға үнемдеуге мүмкіндік береді, бұл қосымша суару алаңдарын енгізуге және суды пайдалану өнімділігін 2,0-2,5 есе арттыруға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының су саласын дамытудың 2024 – 2028 жылдарға арналған кешенді жоспарының (бұдан әрі – Кешенді жоспар) жобасы су шаруашылығы инфрақұрылымын толыққанды жаңғырту жолымен су ресурстарының болжамды тапшылығы жағдайында су ресурстарын тиімді басқаруды қамтамасыз ету бөлігінде су саласындағы мәселелерді жедел шешуге бағытталған.

Кешенді жоспар республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты, бюджеттен тыс қаражат (баланс ұстаушының және халықаралық қаржы ұйымдарының қаражаты, жеке инвестициялар) есебінен қаржыландыру көзделетін сәтүрлі 160 іс-шарадан тұрады.

2024 – 2028 жылдарғы кезеңге арналған жалпы сома 3153375,7 млн теңгені құрайды, оның ішінде республикалық бюджет – 1428527,2 млн теңге, жергілікті бюджет – 367650,0 млн теңге, бюджеттен тыс қаражат – 1357198,5 млн теңге.

Р/с №	Атауы/ қаржыландыру көздері	2024 жыл	2025 жыл	2026 жыл	2027 жыл	2028 жыл
1	Республикалық бюджет	47787,6	70467,0	425051,7	431577,7	453643,1
2	Жергілікті бюджет	26981,7	52743,1	103974,2	84362,2	99588,8
3	Бюджеттен тыс қаражат	19313,5	237362,9	370923,7	404926,8	324671,5
	Барлығы:	94082,8	360573,0	899949,6	920866,7	877903,4

Р/с №	Атауы	Аяқталу нысаны	Орындалу мерзімі	Жауапты орындаушылар	Қаржыландыру көлемі, млн теңге	Қаржыландыру көздері
-------	-------	----------------	------------------	----------------------	--------------------------------	----------------------

1	2	3	4	5	6	7
Күтілетін нәтижелер:						
1. Қосымша жинақталған су көлемі (млн м ³ , өспелі): 2024 жыл – 1,0 млн м ³ , 2026 жыл – 194,993 млн м ³ , 2027 жыл – 1233,99 млн м ³ , 2028 жыл – 2650,49 млн м ³ .						
2. Гидротехникалық құрылысжайларды көпфакторлы зерттеп-қарау (жылына бірлік): 2024 жыл – 82 бірл., 2025 жыл – 105 бірл., 2026 жыл – 151 бірл., 2027 жыл – 66 бірл., 2028 жыл – 153 бірл.						
3. Суару каналдарындағы су ысырабын азайту (50-ден 35 %-ға дейін): 2024 жыл – 50 %, 2025 жыл – 47 %, 2026 жыл – 43 %, 2027 жыл – 39 %, 2028 жыл – 35 %.						

4. Су үнемдеу технологияларын қолдана отырып, суармалы алқаптарды ұлғайту (мың га, өспелі): 2024 жыл – 462,2 мың га, 2025 жыл – 612,2 мың га, 2026 жыл – 762,2 мың га, 2027 жыл – 912,2 мың га, 2028 жыл — 1 062,2 мың га.
5. Жаңа суармалы алқаптарды енгізу (жылына мың га): 2025 жыл – 6,5 мың га, 2026 жыл – 157,15 мың га, 2027 жыл – 112,6 мың га, 2028 жыл – 18,3 мың га.
6. Экологиялық су жіберу көлемі (жылына мың м³): 2024 жыл – 1513447,3 мың м³, 2025 жыл – 1912 48,9 мың м³, 2026 жыл – 2516047,5 мың м³, 2027 жыл – 2465569,4 мың м³, 2028 жыл – 1866614,5 мың м³.
7. Су объектілерінің жай-күйін жақсарту (жылына бірлік): 2024 жыл – 56 бірл., 2025 жыл – 24 бірл., 2026 жыл – 6 бірл., 2027 жыл – 7 бірл., 2028 жыл – 11 бірл.
8. Гидрологиялық бекеттер саны (жылына бірлік): 2027 жыл – 10 бірл., 2028 жыл – 12 бірл.

1-бөлім. Су объектілерінің экологиялық жағдайын жақсарту

1-бағыт. Елдің су объектілерінің экожүйелерін сақтау

1	Экожүйелерді сақтау үшін жылдың сулылығы мен өзен ағынының жыл ішіндегі таралуы мен басқа да параметрлерге байланысты экологиялық ағынды айқындау тетіктерін әзірлеу	орындалған жұмыстар туралы есеп	2025 жылғы 4-тоқсан	СРИМ	талап етілмейді	бюджеттен тыс қаражат (ЮСАИД)
2	Табиғи ғылыми негіздеме талаптарына сәйкес су объектілерінің табиғи жай-күйін сақтау үшін табиғат қорғау су жіберуін жүргізу (Ақмола, Ақтөбе, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Павлодар, Түркістан облыстары)	жүргізілген су жіберу актісі	жыл сайын, 4-тоқсан	СРИМ, ЭТРМ "Қазгидромет" ШЖҚ РМК (келісу бойынша)	РБ –113128,1	РБ

3	Гидрологиялық мониторинг желісін кеңейту	пайдалануға беру актісі	4-тоқсан, 2027 – 2028 жылдар	ЭТРМ, СРИМ, "Қазгидромет" ШЖҚ РМК (келісу бойынша)	РБ – 1109,1	РБ
4	Су объектілерінде, оның ішінде Ертіс, Қиғаш, Деркөл, Елек, Есіл, Тобыл, Шу, Сілеті, Қаратал, Топар, Сырдария, Ойыл, Жем, Сағыз, Талас, Жайық өзендерінде тазарту жүргізу	пайдалануға беру актісі	4-тоқсан, 2024 – 2028 жылдар	СРИМ, ЖАО Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Түркістан, Жетісу, Ұлытау облыстары	барлығы – 122980,0: РБ – 104430,0, ЖБ – 18550,0	РБ, ЖБ

2-бағыт. Су объектілерін өнеркәсіптік кәсіпорындардың ластануынан қорғау

1	Су объектілерінің ластану көздерін түгендеу	СРИМ-ге орындалған жұмыстар туралы есеп	жыл сайын, есепті жылдан кейінгі 20 қаңтарға дейін	ЭТРМ, ЖАО	талап етілмейді	талап етілмейді
2	Өңірлік бағдарламалар мен іс-шараларды әзірлеу кезінде қолдану үшін өзендерді оңалту жөніндегі әдістемелік құралды әзірлеу	СРИМ бұйрығы	2026 жылғы 4-тоқсан	СРИМ, "ҚазСШҒЗИ" ЖШС (келісу бойынша)	талап етілмейді	талап етілмейді

Абай облысы

Күтілетін нәтижелер:

1. Қосымша жинақталған су көлемі (млн м³, өспелі): 2028 жыл – 135,3 млн м³.
2. Гидротехникалық құрылысжайларды көпфакторлы зерттеп-қарау (жылына бірлік): 2024 жыл – 19 бірл., 2026 жыл – 8 бірл., 2027 жыл – 6 бірл., 2028 жыл – 6 бірлік.
3. Суару каналдарындағы су ысырабын азайту (50-ден 35 %-ға дейін): 2024 жыл – 50 %, 2025 жыл – 47 %, 2026 жыл – 43 %, 2027 жыл – 39 %, 2028 жыл – 35 %.

4. Су үнемдеу технологияларын қолдана отырып, суармалы алқаптарды ұлғайту (мың га, өспелі): 2024 жыл – 13,1 мың га, 2025 жыл – 23,2 мың га, 2026 жыл – 35,0 мың га, 2027 жыл – 45,0 мың га, 2028 жыл – 64 мың га.

5. Жаңа суармалы алқаптарды енгізу (жылына мың га): 2028 жыл – 22,62 мың га.

1-бағыт. Су шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту және су тасқынына қарсы іс-шаралар

1. Гидротехникалық құрылысжайлар салу

1	3 су қоймасын (Қарғыба, Кіші Бөкен, Келдімұрат өзендерінде) салу, 2 су қоймасын (Базар, Көктерек өзендерінде) салу жобасын әзірлеу және Қаракөл су қоймасының құрылысын аяқтау	пайдалануға беру актісі	2028 жылғы 4-тоқсан	СРИМ, ЖАО	барлығы – 17546,2: РБ – 668,6, ЖБ – 372,0, ХҚҰ – 16505,6	РБ, ЖБ, ХҚҰ (ИДБ)
---	--	-------------------------	---------------------	-----------	---	-------------------

2. Гидротехникалық құрылысжайларды реконструкциялау

2	2 су қоймасын (Щербаковское, Үлкенбөкен) реконструкциялау	пайдалануға беру актісі	2028 жылғы 4-тоқсан	СРИМ, ЖАО	барлығы – 2070,0: РБ – 2000,0, ЖБ – 70,0	РБ, ЖБ
3	Үржар және Аягөз аудандарында магистральдық каналы бар 4 бөгетті су торабын реконструкциялау	пайдалануға беру актісі	2027 жылғы 4-тоқсан	СРИМ	барлығы – 13684,7: РБ – 351,0, ХҚҰ – 13333,8	РБ, ХҚҰ (ИДБ)
4	Жаңасемей және Көкпекті аудандарындағы 4 жинақтауыш тоғанды реконструкциялау	пайдалануға беру актісі	2028 жылғы 4-тоқсан	СРИМ, ЖАО	барлығы – 4120,0 РБ – 4000,0 ЖБ – 120,0	РБ, ЖБ

3. Гидротехникалық құрылысжайлардың қауіпсіздік декларациясын әзірлей отырып, оларға көпфакторлы зерттеп-қарау жүргізу

--	--	--	--	--	--	--

5	3 9 гидротехника лық құрылысжайды көпфакторлы зерттеп-қарау	ГКФЗ актісі, қауіпсіздік декларациясы	2028 жылғы 4 -тоқсан	СРИМ, ЖАО	барлығы – 622,3: РБ – 533,8, ЖБ – 88,5	РБ, ЖБ
---	--	---	-------------------------	-----------	---	--------

2-бағыт. Ауыл шаруашылығындағы суармалы судың өнімділігін арттыру

1. Ирригациялық жүйелерді реконструкциялау

1	Суармалы жерлерді сумен қамтамасыз ету үшін 17 суару каналының су шаруашылық жүйелері мен құрылысжайл арын реконструкци ялау және қалпына келтіру	пайдалануға беру актісі	2028 жылғы 4 -тоқсан	СРИМ	РБ – 13793,1	РБ
---	--	----------------------------	-------------------------	------	--------------	----

2. Су ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру

2	Су үнемдейтін суару технологияла рын енгізу	пайдалануға беру актісі	2028 жылғы 4 -тоқсан	Абай облысының әкімдігі, СРИМ, АШМ , ӨҚМ, ЭТРМ	барлығы – 53414,0: РБ – 32640,0, ЖБ – 20774,0	РБ, ЖБ
---	---	----------------------------	-------------------------	--	--	--------

Ақмола облысы

Күтілетін нәтижелер:

1. Қосымша жинақталған су көлемі (млн м³, өспелі): 2028 жыл – 833 млн м³.
2. Гидротехникалық құрылысжайларды көпфакторлы зерттеп-қарау (жылына бірлік): 2024 жыл – 6 бірл., 2025 жыл – 21 бірл., 2026 жыл – 21 бірл., 2027 жыл – 23 бірл., 2028 жыл – 3 бірл.
3. Су үнемдеу технологияларын қолдана отырып, суармалы алқаптарды ұлғайту (мың га, өспелі): 2024 жыл – 27,0 мың га, 2025 жыл – 32,0 мың га, 2026 жыл – 33,7 мың га, 2027 жыл – 36,0 мың га, 2028 жыл – 38,0 мың га.

1-бағыт. Су шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту және су тасқынына қарсы іс-шаралар

1. Гидротехникалық құрылысжайлар салу

1	Есіл өзенінде Есіл контрреттегі шін салу	пайдалануға беру актісі	2028 жылғы 4 -тоқсан	СРИМ	барлығы – 120011,3: РБ – 11,3, ХҚҰ – 120000,0	РБ, ХҚҰ (ИДБ)
	Шортанды ауданындағы Дамса бөгетінде					

2	шлюздер салу және қолданыстағы су жіберу құрылысжайын консервациялау	пайдалануға беру актісі	2025 жылғы 4-тоқсан	СРИМ	РБ – 976,1	РБ
3	Астана су қоймасына су беруге арналған құрылысжайлар салу	пайдалануға беру актісі	2028 жылғы 4-тоқсан	СРИМ	РБ – 17543,25	РБ
4	Қаныш Сәтбаев атындағы каналдан № 4 сорғы-сүзгі станциясына дейін сутартқыш салу	пайдалануға беру актісі	2028 жылғы 4-тоқсан	ЖАО, СРИМ	барлығы – 300000,0: ЖБ – 500,0, ХҚҰ – 299500,0	ЖБ, ХҚҰ (ҚХР)
2. Гидротехникалық құрылысжайларды реконструкциялау						
5	4 су қоймасын (Астана, Қоянды, Подлесенский, Иванов) реконструкциялау	пайдалануға беру актісі	2028 жылғы 4-тоқсан	СРИМ, ЖАО	барлығы – 6363,6: РБ – 448,7, ЖБ – 15,0, ХҚҰ – 5900,0	РБ, ЖБ, ХҚҰ (ИДБ)
6	4 бөгетті (Батпақкөл, Безымянная, Прохоров-Кололов, Чапаев-1 көлдері) реконструкциялау	пайдалануға беру актісі	2026 жылғы 4-тоқсан	СРИМ, ЖАО	барлығы – 798,3: РБ – 785,1, ЖБ – 13,2	РБ, ЖБ
7	Аршалы ауданының Анар станциясы маңында орналасқан су өткізгіш құрылысжайлары бар қорғау	пайдалануға беру актісі	2025 жылғы 4-тоқсан	ЖАО		ЖБ

	бөгенін реконструкциялау				ЖБ – 136,7	
8	"Астана қаласының қорғау бөгенін бұру каналы бар апатты су жіберу құрылғысымен реконструкциялау" ЖСҚ түзету	ведомстводан тыс кешенді сараптаманың қорытындысы	2026 жылғы 4-тоқсан	СРИМ	РБ – 6477,8	РБ
3. Гидротехникалық құрылысжайлардың қауіпсіздік декларациясын әзірлей отырып, оларға көпфакторлы зерттеп-қарау жүргізу						
9	7 4 гидротехникалық құрылысжайды көпфакторлы зерттеп-қарау	ГКФЗ актісі, қауіпсіздік декларациясы	2028 жылғы 4-тоқсан	СРИМ, ЖАО	барлығы – 1389,7: РБ – 451,4, ЖБ – 938,3	РБ, ЖБ
2-бағыт. Ауыл шаруашылығындағы суармалы судың өнімділігін арттыру						
1. Суармалы егіншілік жүйесін реконструкциялау және күрделі жөндеу						
1	"Алуа" суармалы егіншілік жүйесінің бас құрылысжайын реконструкциялау	пайдалануға беру актісі	2025 жылғы 4-тоқсан	СРИМ	РБ – 52,4	РБ
2	"Қызыл Жұлдыз" суармалы егіншілік жүйесін күрделі жөндеу	пайдалануға беру актісі	2026 жылғы 4-тоқсан	ЖАО	ЖБ – 124,0	ЖБ
2. Магистральдық каналды автоматтандыру және бетондау						
3	"Нұра-Есіл" каналын автоматтандыру және бетондау	пайдалануға беру актісі	2028 жылғы 4-тоқсан	СРИМ	барлығы – 508,0: ЖБ – 500, ХҚҰ – 8,0	РБ, ХҚҰ (ИДБ)
3. Су ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру						
4	Су үнемдейтін суару			Ақмола облысының әкімдігі,	барлығы – 11880,0:	

	технологияларын енгізу	пайдалануға беру актісі	2028 жылғы 4-тоқсан	СРИМ, АШМ, ӨҚМ, ЭТРМ	РБ – 4800,0, ЖБ – 7080,0	РБ, ЖБ
Ақтөбе облысы						
Күтілетін нәтижелер:						
1. Қосымша жинақталған су көлемі (млн м ³ , өспелі): 2028 жыл – 322,5 млн м ³ .						
2. Гидротехникалық құрылысжайларды көпфакторлы зерттеп-қарау (жылына бірлік): 2024 жыл – 2 бірл., 2025 жыл – 34 бірл., 2026 жыл – 49 бірл., 2028 жыл – 3 бірл.						
3. Су үнемдеу технологияларын қолдана отырып, суармалы алқаптарды ұлғайту (мың га, өспелі): 2024 жыл – 29,5 мың га, 2025 жыл – 34,0 мың га, 2026 жыл – 38,0 мың га, 2027 жыл – 39,9 мың га, 2028 жыл – 41,0 мың га.						
4. Жаңа суармалы алқаптарды енгізу (жылына мың га): 2028 жылы – 18,3 мың га.						
1-бағыт. Су шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту және су тасқынына қарсы іс-шаралар						
1. Гидротехникалық құрылысжайлар салу						
1	4 су қоймасын (Темір, Жамбыл, Көктерек, Жаман-Қарғалы) салу	пайдалануға беру актісі	2028 жылғы 4-тоқсан	СРИМ, ЖАО	барлығы – 16074,4: РБ – 679,9, ЖБ – 733,1, ХҚҰ – 14661,4	РБ, ЖБ, ХҚҰ (ИДБ)
2. Гидротехникалық құрылысжайларды реконструкциялау						
2	2 су қоймасын (Ақтөбе, Қарғалы) реконструкциялау	пайдалануға беру актісі	2026 жылғы 4-тоқсан	СРИМ	ХҚҰ – 1411,5	ХҚҰ (ИДБ)
2. Гидротехникалық құрылысжайлардың қауіпсіздік декларациясын әзірлей отырып, оларға көпфакторлы зерттеп-қарау жүргізу						
3	Елек өзеніндегі Ақтөбе су қоймасын және 87 тежеуіш гидротехникалық құрылысжайды көпфакторлы зерттеп-қарау	ГКФЗ актісі, қауіпсіздік декларациясы	2028 жылғы 4-тоқсан	СРИМ, ЖАО	барлығы – 2220,9: РБ – 139,4, ЖБ – 2081,5	РБ, ЖБ
2-бағыт. Ауыл шаруашылығындағы суармалы судың өнімділігін арттыру						
1. Су ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру						
1	Су үнемдейтін суару технологияларын енгізу	пайдалануға беру актісі	2028 жылғы 4-тоқсан	Ақтөбе облысының әкімдігі, СРИМ, АШМ, ӨҚМ, ЭТРМ	барлығы – 9135,0: РБ – 5600,0, ЖБ – 3535,0	РБ, ЖБ
Алматы облысы						

Күтілетін нәтижелер:

1. Қосымша жинақталған су көлемі (млн м³, өспелі): 2028 жыл – 0,9 млн м³.
2. Гидротехникалық құрылысжайларды көпфакторлы зерттеп-қарау (жылына бірлік): 2024 жыл – 1 бірл., 2025 жыл – 6 бірл., 2026 жыл – 21 бірл., 2027 жыл – 21 бірл., 2028 жыл – 25 бірл.
3. Суару каналдарындағы су ысырабын азайту (50-ден 35 %-ға дейін): 2024 жыл – 50 %, 2025 жыл – 47 %, 2026 жыл – 43 %, 2027 жыл – 39 %, 2028 жыл – 35 %.
4. Су үнемдеу технологияларын қолдана отырып, суармалы алқаптарды ұлғайту (мың га, өспелі): 2024 жыл – 42,6 мың га, 2025 жыл – 66,6 мың га, 2026 жыл – 90,6 мың га, 2027 жыл – 114,6 мың га, 2028 жылы – 138,6 мың га.
5. Жаңа суармалы алқаптарды енгізу (жылына мың га): 2028 жылы – 2,8 мың га.

1-бағыт. Су шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту және су тасқынына қарсы іс-шаралар

1. Гидротехникалық құрылысжайлар салу

1	Ұйғыр ауданында Сұңқар және Тегермен өзендерінде суаратын сутартқышы бар 2 су қоймасын салу	пайдалануға беру актісі	2028 жылғы 4-тоқсан	СРИМ, ЖАО	барлығы – 1633,9: РБ – 1441,0, ЖБ – 192,9	РБ, ЖБ
---	---	-------------------------	---------------------	-----------	---	--------

2. Гидротехникалық құрылысжайларды реконструкциялау

2	Бартоғай су қоймасының бөгетін реконструкциялау және оның сейсмикалық төзімділігін күшейту	пайдалануға беру актісі	2027 жылғы 4-тоқсан	СРИМ	барлығы – 1767,6: РБ – 148,1, ХҚҰ – 1619,5	РБ, ХҚҰ (ИДБ)
---	--	-------------------------	---------------------	------	--	---------------

3	Райымбек ауданының Шалкөде ауылдық округіндегі Шибұт және Шолақ тоғандарында тасқын және еріген суларды жинақтауға арналған бөгеуші бөгетті реконструкциялау	пайдалануға беру актісі	2026 жылғы 4-тоқсан	ЖАО	РБ – 276,7	РБ
---	--	-------------------------	---------------------	-----	------------	----

3. Гидротехникалық құрылыстарды күрделі жөндеу

--	--	--	--	--	--	--

4	3 су қоймасын (Октябрьский № 1, Саз-Талғар-2а, К-25) және Іле ауданындағы Октябрьдің 30 жылдығы атындағы су торабын күрделі жөндеу	пайдалануға беру актісі	2026 жылғы 4 -тоқсан	ЖАО	ЖБ – 1026,1	ЖБ
---	---	-------------------------	----------------------	-----	-------------	----

4. Гидротехникалық құрылысжайлардың қауіпсіздік декларациясын әзірлей отырып, оларға көпфакторлы зерттеп-қарау жүргізу

5	7 4 гидротехникалық құрылысжайды көпфакторлы зерттеп-қарау	ГКФЗ актісі, қауіпсіздік декларациясы	2028 жылғы 4 -тоқсан	СРИМ, ЖАО	барлығы – 1509,8: РБ – 114,3, ЖБ – 1395,5	РБ, ЖБ
---	--	---------------------------------------	----------------------	-----------	---	--------

2-бағыт. Ауыл шаруашылығындағы суармалы судың өнімділігін арттыру

1. Ирригациялық жүйелерді реконструкциялау

1	Еңбекшіқазақ ауданындағы жобаны (ИДЖЖ-2) іске асыру	пайдалануға беру актісі	2025 жылғы 4 -тоқсан	СРИМ	ХҚҰ – 409,0	ХҚҰ (ХҚҚДБ)
2	8 ирригациялық желіні (Райымбек, Кеген, Жамбыл, Іле, Талғар, Ұйғыр, Балқаш, Қарасай аудандары) реконструкциялау	пайдалануға беру актісі	2027 жылғы 4 -тоқсан	СРИМ	РБ – 112556,9	РБ
3	Алматы облысы Қапшағай қаласы Сарыбұлақ ауылының № 5 сорғы станциясына жүктелген	пайдалануға беру актісі	2026 жылғы 4 -тоқсан	СРИМ		РБ

	суару желілерін реконструкци ялау				РБ – 6815,4	
2. Ирригациялық жүйелерді реконструкциялау және күрделі жөндеу						
4	Еңбекшіқазақ ауданындағы Д. Қонаев атындағы Ү А К реконструкциялау және жаңғырту, Д. Қонаев атындағы Ү А К каналының авариялық учаскелерін реконструкциялау	пайдалануға беру актісі	2028 жылғы 4 -тоқсан	СРИМ	барлығы – 48519,7: РБ – 1409,0, Х Қ Ұ – 47110,7	РБ, ХҚҰ (ИДБ)
5	1 2 магистральдық каналдың авариялық учаскелерін қалпына келтіру (Іле, Еңбекшіқазақ, Жамбыл аудандары)	пайдалануға беру актісі	2027 жылғы 4 -тоқсан	СРИМ	барлығы – 21408,1: РБ – 330,8, Х Қ Ұ – 21077,3	РБ, ХҚҰ (ИДБ)
6	Кеген ауданының Жылысай, Ұзынбұлақ, Қарабұлақ ауылдық округтерінің жайылымдарын суландыру үшін құбыржолдары бар 78 құдықты реконструкциялау	пайдалануға беру актісі	2027 жылғы 4 -тоқсан	СРИМ	РБ – 1160,8	РБ
7	Еңбекшіқазақ ауданы Тескенсу ауылындағы жайылымдарды суландыру жүйесін	пайдалануға беру актісі	2027 жылғы 4 -тоқсан	СРИМ		РБ

	реконструкциялау және салу				РБ – 460,8	
8	1 3 магистральдық канал мен 2 темірбетонды каналды күрделі жөндеу (Ұйғыр, Талғар, Райымбек, Жамбыл аудандары)	пайдалануға беру актісі	2026 жылғы 4-тоқсан	СРИМ	ХҚҰ – 6450,2	ХҚҰ (ИДБ)
3. Су ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру						
9	Су үнемдейтін суару технологияларын енгізу	пайдалануға беру актісі	2028 жылғы 4-тоқсан	Алматы облысының әкімдігі, СРИМ, АШМ, ӨҚМ, ЭТРМ	барлығы – 95060,0: РБ – 57600,0, ЖБ – 37460,0	РБ, ЖБ
Атырау облысы						
Күтілетін нәтижелер:						
1. Гидротехникалық құрылысжайларды көпфакторлы зерттеп-қарау (жылына бірлік): 2024 жыл – 1 бірл.						
2. Суару каналдарындағы су ысырабын азайту (50-ден 35 %-ға дейін): 2024 жыл – 50 %, 2025 жыл – 47 %, 2026 жыл – 43 %, 2027 жыл – 39 %, 2028 жыл – 35 %.						
3. Су үнемдеу технологияларын қолдана отырып, суармалы алқаптарды ұлғайту (мың га, өспелі): 2024 жыл – 6,8 мың га, 2025 жыл – 8,0 мың га, 2026 жыл – 10,0 мың га, 2027 жыл – 12,0 мың га, 2028 жыл – 18,2 мың га.						
1-бағыт. Су шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту және су тасқынына қарсы іс-шаралар						
1. Гидротехникалық құрылысжайлардың қауіпсіздік декларациясын әзірлей отырып, оларға көпфакторлы зерттеп-қарау жүргізу						
1	Орал өзені бойындағы қорғау бөгенін көпфакторлы зерттеп-қарау (105 км)	ГКФЗ актісі, қауіпсіздік декларациясы	2024 жылғы 4-тоқсан	ЖАО	ЖБ – 20,5	ЖБ
2-бағыт. Ауыл шаруашылығындағы суармалы судың өнімділігін арттыру						
1. Ирригациялық жүйелерді реконструкциялау және күрделі жөндеу						
1	8 суару каналын (Индер, Махамбет, Исатай, Құрманғазы аудандары және Атырау қаласы) реконструкция	пайдалануға беру актісі	2028 жылғы 4-тоқсан	СРИМ, ЖАО	барлығы – 8278,6: РБ – 7408,2, ЖБ – 870,4	

	ялау және жаңғырту					РБ, ЖБ
2	Махамбет ауданындағы 2 суармалы каналды күрделі жөндеу	пайдалануға беру актісі	2028 жылғы 4 -тоқсан	СРИМ	РБ – 1038,8	РБ
3	Исатай ауданындағы суару каналдарын күрделі жөндеудің 4 объектісі бойынша ЖСҚ әзірлеу (қайта есептеу) және мемлекеттік сараптама қорытындысы	ведомстводан тыс кешенді сараптаманың қорытындысы	2027 жылғы 4 -тоқсан	СРИМ	ХҚҰ – 2713,0	ХҚҰ (ИДБ)

3. Су ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру

4	Су үнемдейтін суару технологияларын енгізу	пайдалануға енгізу актісі	2028 жылғы 4 -тоқсан	Атырау облысының әкімдігі, СРИМ, АШМ, ӨҚМ, ЭТРМ	барлығы – 13385,4: РБ – 8160,0, ЖБ – 5225,4	РБ, ЖБ
---	--	---------------------------	----------------------	---	---	--------

Шығыс Қазақстан облысы

Күтілетін нәтижелер:

- Қосымша жинақталған су көлемі (млн м³, өспелі): 2028 жылы – 110 млн м³.
- Гидротехникалық құрылысжайларды көпфакторлы зерттеп-қарау (жылына бірлік): 2024 жыл – 2 бірл., 2025 жыл – 9 бірл., 2027 жыл – 9 бірл., 2028 жыл – 17 бірл.
- Суару каналдарындағы су ысырабын азайту (50-ден 35 %-ға дейін): 2024 жыл – 50 %, 2025 жыл – 47 %, 2026 жыл – 43 %, 2027 жыл – 39 %, 2028 жыл – 35 %.
- Су үнемдеу технологияларын қолдана отырып, суармалы алқаптарды ұлғайту (мың га, өспелі): 2024 жылы – 13,0 мың га, 2025 жылы – 24,3 мың га, 2026 жылы – 34,0 мың га, 2027 жылы – 50,0 мың га, 2028 жылы – 65,5 мың га.
- Жаңа суармалы алқаптарды енгізу (жылына мың га): 2028 жылы – 9,0 мың га.

1-бағыт. Су инфрақұрылымын дамыту және су тасқынына қарсы іс-шаралар

1. Гидротехникалық құрылысжайлар салу

1	Ұлан, Кендірлік және Қарабұта өзендерінде 3 су қоймасын салу	пайдалануға беру актісі	2028 жылғы 4 -тоқсан	СРИМ	барлығы – 12130,5: РБ – 1000,0, ХҚҰ – 11130,5	РБ, ХҚҰ (ИДБ)
---	--	-------------------------	----------------------	------	---	---------------

2. Гидротехникалық құрылысжайларды реконструкциялау

2	3 су қоймасын реконструкциялау (Үйдене, Қандысу, Орта Теректі өзеніндегі су қоймасы)	пайдалануға беру актісі	2028 жылғы 4-тоқсан	СРИМ	барлығы – 4862,0: РБ – 1850,2, ХҚҰ – 3011,8	РБ, ХҚҰ (ИДБ)
3	СМК мен Есенгелді магистральдық каналы бар Қандысу су торабын, Күршім өзенінде магистральдық каналдары бар 2 су алу торабын реконструкциялау	пайдалануға беру актісі	2028 жылғы 4-тоқсан	СРИМ	барлығы – 5200,7: РБ – 145,1, ХҚҰ – 5055,6	РБ, ХҚҰ (ИДБ)
4	Лайлы өзеніндегі Лайлы су қоймасының бөгеттерін және Маховка өзеніндегі жинақтауыш тоғанды, Аблакетка, Ұлан, Тайынты өзендеріндегі 3 гидротехникалық құрылысжайды реконструкциялау	пайдалануға беру актісі	2028 жылғы 4-тоқсан	СРИМ	РБ – 2048,1	РБ
3. Гидротехникалық құрылысжайлардың қауіпсіздік декларациясын әзірлей отырып, оларға көпфакторлы зерттеп-қарау жүргізу						
5	3 7 гидротехникалық құрылысжайды көпфакторлы зерттеп-қарау	ГКФЗ актісі, қауіпсіздік декларациясы	2028 жылғы 4-тоқсан	СРИМ, ЖАО	барлығы – 428,2: РБ – 239,3, ЖБ – 188,9	РБ, ЖБ

2-бағыт. Ауыл шаруашылығындағы суармалы судың өнімділігін арттыру

1. Ирригациялық жүйелерді реконструкциялау

1	Күршім ауданының Қалжыр өзеніндегі бас құрылысжайлар мен Победа және Қаракия магистральдық каналдарын реконструкциялау	пайдалануға беру актісі	2027 жылғы 4-тоқсан	СРИМ	барлығы – 2437,0: РБ – 10,0, ХҚҰ – 2427,0	ХҚҰ (ИДБ)
2	Тарбағатай, Күршім аудандарындағы суармалы жерлерді қамтамасыз ету үшін су шаруашылығы жүйелері мен құрылысжайларын, 28 суару каналын реконструкциялау	пайдалануға беру актісі	2027 жылғы 4-тоқсан	СРИМ	барлығы – 13985,5: РБ – 155,0, ХҚҰ – 13830,5	РБ, ХҚҰ (ИДБ)
3	Зайсан, Тарбағатай аудандарындағы суармалы жерлердің су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарын, шаруашылық ішілік 70 каналды реконструкциялау және қалпына келтіру	пайдалануға беру актісі	2027 жылғы 4-тоқсан	СРИМ	ХҚҰ – 7149,7	ХҚҰ (ИДБ)

2. Су ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру

	Су үнемдейтін			Шығыс Қазақстан облысы	барлығы – 53926,0:	
--	---------------	--	--	------------------------	--------------------	--

4	суару технологияларын енгізу	пайдалануға беру актісі	2028 жылғы 4-тоқсан	әкімдігі, СРИМ, АШМ, ӨҚМ, ЭТРМ	РБ – 32960,0, ЖБ – 20966,0	РБ, ЖБ
Жамбыл облысы						
Күтілетін нәтижелер:						
1. Қосымша жиналған судың көлемі (млн м ³ , өспелі): 2026 жылы – 16,4 млн м ³ , 2027 жылы – 34,0 млн м ³ .						
2. Гидротехникалық құрылысжайларды көпфакторлы зерттеп-қарау (жылына бірлік): 2024 жыл – 17 бірл., 2025 жыл – 10 бірл., 2026 жыл – 3 бірл., 2027 жыл – 7 бірл., 2028 жыл – 8 бірл.						
3. Суару каналдарындағы су ысырабын азайту (50-ден 35 %-ға дейін): 2024 жыл – 50 %, 2025 жыл – 47 %, 2026 жыл – 43 %, 2027 жыл – 39 %, 2028 жыл – 35 %.						
4. Су үнемдеу технологияларын қолдана отырып, суармалы алқаптарды ұлғайту (мың га, өспелі): 2024 жыл – 79,2 мың га, 2025 жыл – 89,2 мың га, 2026 жыл – 99,2 мың га, 2027 жыл – 109,2 мың га, 2028 жыл – 119,2 мың га.						
5. Жаңа суармалы алқаптарды енгізу (жылына мың га): 2027 жыл – 19,85 мың га, 2028 жыл – 15,5 мың га.						
1-бағыт. Су шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту және су тасқынына қарсы іс-шаралар						
1. Гидротехникалық құрылысжайлар салу						
1	10 су қоймасын (Қарақыстақ, Сұлутөр, Көкдөнен, Макпал, Шоңгер, Молалы, Қызылсай, Ырғайты, Қалғұты, Ақмола) салу	пайдалануға беру актісі	2027 жылғы 4-тоқсан	СРИМ, ЖАО	барлығы – 17913,3: РБ – 28,2, ЖБ – 3951,9, ХҚҰ – 13933,2	РБ, ЖБ, ХҚҰ (ИДБ)
2	Андас-3 құятын тоғанын салу	пайдалануға беру актісі	2027 жылғы 4-тоқсан	СРИМ	РБ – 636,3	РБ
2. Гидротехникалық құрылысжайларды реконструкциялау						
3	3 су қоймасын (Теріс-Ащыбұлақ, Қарақоңыз және Ынталы су қоймалары) реконструкциялау	пайдалануға беру актісі	2027 жылғы 4-тоқсан	СРИМ	барлығы – 3241,021: РБ – 420,421, ХҚҰ – 2820,6	РБ, ХҚҰ (ИДБ)
3. Гидротехникалық құрылысжайлардың қауіпсіздік декларациясын әзірлей отырып, оларға көпфакторлы зерттеп-қарау жүргізу						
4	4 5 гидротехникалық құрылысжайд		2028 жылғы 4-тоқсан	СРИМ, ЖАО	барлығы – 604,1 РБ – 501,8	РБ, ЖБ

	ы көпфакторлы зерттеп-қарау	ГКФЗ актісі, қауіпсіздік декларациясы			ЖБ – 102,3	
2-бағыт. Ауыл шаруашылығындағы суармалы судың өнімділігін арттыру						
1. Суару каналдарын салу және реконструкциялау						
1	Жуалы ауданында 2 канал салу	пайдалануға беру актісі	2026 жылғы 4-тоқсан	СРИМ	РБ – 414,5	РБ
2	Жуалы, Т. Рысқұлов, Талас, Шу, Мерке, Мойынкүм аудандарында 137 суару каналын, 14 магистральдық және шаруашылық аралық каналын реконструкциялау	пайдалануға беру актісі	2027 жылғы 4-тоқсан	СРИМ, ЖАО	барлығы – 122411,2: РБ – 3583,2, ЖБ – 5560,2, ХҚҰ – 113312,8	РБ, ЖБ, ХҚҰ (ИДБ)
3	Байзақ, Қордай, Мойынкүм, Жамбыл аудандарының 107 каналын реконструкциялау үшін ЖСҚ әзірлеу	ведомстводан тыс кешенді сараптаманың қорытындысы	2026 жылғы 4-тоқсан	СРИМ	РБ – 648,3	РБ
2. Суару каналдарын күрделі жөндеу						
4	Байзақ, Мерке, Сарысу аудандарындағы 52 суару каналын күрделі жөндеу	пайдалануға беру актісі	2026 жылғы 4-тоқсан	СРИМ, ЖАО	барлығы – 21073,2: РБ – 3064,9, ЖБ – 500, ХҚҰ – 17508,3	РБ, ХҚҰ (ИДБ)
3. Тік дренаж ұңғымаларын қалпына келтіру						
5	Шу және Т. Рысқұлов аудандарында 104 тік дренаж ұңғымаларын қалпына келтіру	пайдалануға беру актісі	2027 жылғы 4-тоқсан	ЖАО	ЖБ – 170,0	ЖБ
4. Суару каналдарындағы суды есепке алуды автоматтандыру						

6	Сол жақ айналмалы – Талас-Аса, Сеңкібай, Раис, Раис (Х-2), МР-3 және МР - 4 каналдарында суды есепке алудың автоматтандырылған жүйелерін орнату отырып, гидробекеттерді реконструкциялау	пайдалануға беру актісі	2025 жылғы 4-тоқсан	ЖАО	ЖБ – 576,0	ЖБ
---	--	-------------------------	---------------------	-----	------------	----

5. Су ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру

7	Су үнемдейтін суару технологияларын енгізу	пайдалануға беру актісі	2028 жылдың 4-тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі, СРИМ, АШМ, ӨҚМ, ЭТРМ	барлығы – 40667,8: РБ – 24000,0, ЖБ – 16667,8	РБ, ЖБ
---	--	-------------------------	----------------------	---	---	--------

Жетісу облысы

Күтілетін нәтижелер:

1. Қосымша жинақталған судың көлемі (млн м³, өспелі): 2027 жылы – 162,0 млн м³.
2. Гидротехникалық құрылысжайларды көпфакторлы зерттеп-қарау (жылына бірлік): 2024 жылы – 5 бірл., 2028 жылы – 12 бірл.
3. Суару каналдарындағы су ысырабын азайту (50-ден 35 %-ға дейін): 2024 жыл – 50 %, 2025 жыл – 47 %, 2026 жыл – 43 %, 2027 жыл – 39 %, 2028 жыл – 35 %.
4. Су үнемдеу технологияларын қолдана отырып, суармалы алқаптарды ұлғайту (мың га, өспелі): 2024 жыл – 31,2 мың га, 2025 жыл – 55,2 мың га, 2026 жыл – 79,2 мың га, жыл – 103,2 мың га, 2028 жыл – 127,2 мың га.
5. Жаңа суармалы алқаптарды енгізу (жылына мың га): 2027 жыл – 38,86 мың га.

1-бағыт. Су шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту және су тасқынына қарсы іс-шаралар

1. Гидротехникалық құрылысжайлар салу

